

# ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

Тақырыбы: Қазақстан республикасындағы  
психиатриялық көмекті ұйымдастыру

Орындаған: Жақсылық С.П

# Жоспар

- ▣ Жалпы тәжірибелік дәрігер туралы түсінік
- ▣ ЖТД/отбасылық дәрігердің міндеттері
- ▣ ЖТД-дің арнайы мекемелермен жұмыс істеу ерекшеліктері

ЖТД Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер - бұл жасына, жынысына немесе ауру сипатына қарамастан, жеке адамға, отбасыларына және адамдардың бүкіл контингентіне алғашқы және үздіксіз медициналық көмек көрсетуге тиісті рұқсаты бар, дипломды медицина қызметкері.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер өзінің қызметін мемлекеттік және мемлекеттік емес медицина ұйымдарында, сондай-ақ жеке практика тәртібімен жүзеге асыра алады. Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігерге халықты тіркеу дәрігердің еркін таңдауы негізінде жүзеге асырылады.

## Жалпы практикалық дәрігердің/отбасылық дәрігердің негізгі міндеттері:

- 1) шұғыл дәрігерлік көмекті қамтамасыз ету;
- 2) емдеу және оңалту шараларын тиісті біліктілік талабының көлемінде жүргізу;
- 3) пациенттерді уақтылы госпитализациялауды және мамандардың консультациясын беруді қамтамасыз ету;
- 4) жалпы дәрігерлік практика/отбасылық медицина жағдайында пациенттерді сапалы тексеру және қажет болған жағдайда тиісті диагностикалық зерттеуге жіберу;
- 5) иммундық профилактика жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- 6) аурулардың бұрыннан бар жасырын түрлерін табуға бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру, аурудың және қауіптілік факторларының алдын алу, жүзеге асыру болып табылады.

7) тіркелген халықтың денсаулығының жай-күйін динамикалық қадағалау;

8) отбасын жоспарлау жөніндегі жұмыс;

9) отбасында баланы тамақтандыру, тәрбиелеу, оларды мектепке дейінгі балалар мекемелеріне, мектепке даярлау мәселелері бойынша, консультативтік көмек көрсету және бағдарлау жұмыстарын жүргізу;

10) перзентханадан шығарылғаннан кейін нәрестеге патронажды жүзеге асыру;

11) ауру балалар стационардан шығарылғаннан кейін үйге актив жүргізу;

12) дені сау бала күнін өткізу;

13) үй стационарында және күндізгі стационарда медициналық қызмет көрсету;

14) әскери-дәрігерлік және әскерге шақырылуға дейінгі жас өспірімдерді және әскерге шақырылатын жастарды шақыру комиссияларымен байланысты

## Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер:

- \*халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі заңдардың негізін меңгеруге;

- \*денсаулық сақтаудың құрылымы мен негізгі принциптерін білуге;

- \*өзінің құқығын, міндеті мен жауапкершілігін білуге;

- \*өзінің жұмыстарын жоспарлау мен талдау әдістерін меңгеруге;

- \*басқа мамандармен және қызметтермен (әлеуметтік қызмет, сақтандыру компаниялары, дәрігерлер қауымдастығы және т. б.) өзара белсенді іс-қимыл жасауға;

- \*дәрігерлік этиканың және деонтологияның принциптерін білуге және сақтауға тиіс.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер өзінің кәсіби білімі мен дағдысын өз бетімен білім алу жолымен және өзге әдістермен үздіксіз жетілдіреді. Әрбір жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер отбасылық дәрігерлік амбулаторияның аға дәрігеріне жыл сайын есеп ұсынуға, соңғысы емдеу-диагностикалық, профилактикалық қызметі мен жылына мөлшері 72 кредит-сағат кәсіби даярлықты куәландыратын құжаттарды (сертификаттар, аттестаттар, куәліктер) көрсете отырып аудандық (қалалық) денсаулық сақтау басқармаларына немесе Отбасылық дәрігерлер қауымдастығына ұсынуға міндетті.

Жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер біліктілігін растау және еңбек қызметін (еңбек жұмысын) жалғастыруға мүмкіндік алу үшін әрбір 5 жылда аттестациялық кәсіби емтихан тапсыруға міндетті. Емтихан нәтижесі "Отбасылық дәрігердің кәсіптік куәлігіне" енгізіледі.

Даярлық деңгейін анықтау, білімді және практикалық дағдыны меңгеру мақсатында жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігер ретіндегі жұмыстың алғашқы үш жылында дәрігер біліктілік емтиханын жыл сайын тапсырады.

Денсаулық сақтау басқармаларының органдары кәсіби аттестаттау емтиханын ойдағыдай тапсыруын, қажетті кредит-сағат мөлшерінің және әзірлік деңгейінің бар екенін ескере отырып жалпы практика дәрігері/отбасылық дәрігердің кәсіби жарамдылығын анықтайды.

# ҚР психиатриялық көмекті ұйымдастыру

Қазақстандағы психиатриялық көмекті  
ұйым-дастырудың негізінде 3 принцип  
жатыр:

1. Дифференциациялау;
2. Сатылық (ступенчатость);
3. Психиатриялық көмектің бірізділігі  
(преемственность).



Қазақстанда психикалық науқастарды арнайы есепке алу белгіленген. Оны аудандық, қалалық, облыстық психоневрологиялық диспансерлер, аудан емханасындағы психоневрологиялық кабинеттер мен аудан-дық орталық ауруханалар іске асырады.

Қазіргі таңда елімізде ЖТД мамандығы бойынша қызмет етушілерге аса зор назар аударылып , ауыр міндеттер жүктелуде.

Аймақтық принцип бойынша қызмет ететіндіктен жалпы тәжірибелік дәрігер басқа мамандықтар ішінде науқастармен жиі қатынаста болатын мамандықтарға жатады. Соның ішінде психиатриялық және наркологиялық профильді науқастармен де жиі жұмыс жасайды.

Психиатриялық немесе наркологиялық науқастар жиі арнайы психиатриялық мекемелерден бұрын дәл осы Жалпы тәжірибелік дәрігердің алдына келуі мүмкін. Себебі олар өздерінде жан аурулары барына күмәнданса да, ондай диагнозбен есепке тұрудан қорқып, өз бойларынан қандай да бір соматикалық ауруларды іздейді.

ЖТД оқу барысында психиатрия мен наркология курсың оқығандарымен, психиатриялық ауруларға келгенде диагностикасы мен емі туралы сұрақтарға толық жауап бере алмайды.

Сондықтан жиі психиатриялық науқастар ұзақ уақыт бойы өздеріне қажеті жоқ мамандардан ем, кеңес алып, барлық ақшасын қажетсіз емге ақша шашып, тек аурулары асқынған кезде ғана арнайы психиатр маманның алдына келуі мүмкін.

Дұрыс емес соматикалық диагнозбен олай емделу дәрігерлерің беделдігіне кір келтіргенімен қоймай, науқасты қажетсіз зерттеу әдістеріне өз қаражатын құртып , қажетсіз ем қабылдауына алып келеді.

Сондықтан ЖТД психиатрия мен наркология курсың тереңірек оқытып, оның бар маңыздылығың түсіндіре білу керек.

Қабылдауда немесе науқастардың үйін аралау барысында ЖДТ психиатриялық ауытқулары немесе психоактивті заттарға тәуелділігі бар науқастарды кездестірген кездері жағдайдың барынша аурылығын, маңыздылығын бағалай біліп, психикалық ауытқуларды анықтай алуы тиіс.

- Науқастың үйін аралауда ,қабылдауда психиатриялық сырқатқа күмәнданған ЖТД өзі қызмет атқаратын емханадағы аймақтық психиатрға науқасты кеңес алуға жіберуі керек.
- Қажет болған жағдайда, науқасты жедел жәрдем көмегімен психиатриялық стационарға бағыттау тиіс.

- Егерде есепте тұрған психиатриялық науқас ЖТД-ге соматикалық ауруларға шағымданып келетін болса, науқасқа қандайда бір дәрілік препарат , зерттеу әдістерін тағайындамастан бұрын емдеуші психиатрмен ақылдасуы керек. Себебі науқастың негізгі сырқатын асқындырып, рецидив шақырып алуымыз мүмкін.



- ЖТД ересектер контингентімен қатар балалар, жасөспірімдер мен қарттарды да қабылдайтын болғандықтан, жас ерекшеліктеріне байланысты психиатриялық аурулардың кездесуі мен оларға көрсетілетін көмек ерекшеліктерін білуі тиіс.
- Есі кем, сөйлеу бұзылыстары бар психиатриялық науқас балалар мен қарттарды арнайы интернат – үйлерге орналастыру сияқты әлеуметтік көмек көрсету шараларына белсенді араласуы керек.

- Қазіргі заңнамаларға сәйкес жаңа туған нәрестелерді де ЖТД бақылайтын болғандықтан олар дер кезінде науқастағы қандай да бір ауытқуды анықтап, уақыттылы. Психиатриялық мекемелерге арнайыланған диагностика мен ем алуға бағыттауы керек.

- Ал егде жастағы психикалық ауытқулары бар науқастар мәселесіне ЖТД аса қатты көңіл бөлуі тиіс. Бұл науқастарда психикалық ауруларымен қатар, бірқатар соматовегетативті бұзылыстары болғандықтан тіпті психиатриялық стационарда жатқан науқастардың жағдайын үнемі бақылауда ұстап отыру қажет.

- Психикалық бұзылыстары бар науқастардың жартысын бөлігін ЖТД емдеп, қабылдауда. Бұл психиатриялық көмектің қол жетімді болуына үлкен септігін тигізуде.
- Бірлесе қызмет атқаруы керек.
- ЖТД жауапкершілікпен қарап, психикалық ауруларды дер кезінде анықтап, психиатриялық мекемелерге бағыттауы тиіс.

**Приказ и.о. МЗ РК от 5 января 2011 года № 7**  
**Об утверждении Положения о деятельности организаций**  
**здравоохранения, оказывающих амбулаторно-поликлиническую**  
**помощь**

**ПМСП включает в себя:**

- ▣ отделение профилактики и социально-психологической помощи;

имеющее в составе:

- ▣ кабинет социального работника;
- ▣ кабинет психолога;

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [adilet.zan.kz](http://adilet.zan.kz)
- [medcentre.com.ua › articles/Opyt...raby-vracha-29973](http://medcentre.com.ua/articles/Opyt...raby-vracha-29973)
- [giduv.com › journal/2004/2/vrach\\_obschej\\_praktiki](http://giduv.com/journal/2004/2/vrach_obschej_praktiki)